

Еуразиялық экономикалық одаққа жаңа мүшелерді қабылдау және Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелікті тоқтату тәртібі туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2015 жылғы 16 қазандағы № 25 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 12-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

Қоса беріліп отырған, Еуразиялық экономикалық одаққа жаңа мүшелерді қабылдау және Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелікті тоқтату тәртібі бекітілсін.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

<i>Армения Республикасынан</i>	<i>Беларусь Республикасынан</i>	<i>Қазақстан Республикасынан</i>	<i>Қырғыз Республикасынан</i>	<i>Ресей Федерациясынан</i>
--------------------------------	---------------------------------	----------------------------------	-------------------------------	-----------------------------

Жоғары Еуразиялық
экономикалық кеңестің
2015 жылғы 16 қазандағы
№ 25 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одаққа жаңа мүшелерді қабылдау және Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелікті тоқтату ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – Одақ) жаңа мүшелерді қабылдау, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық Одаққа мүшелікті тоқтату рәсімдерін айқындайды.

II. Мемлекеттің Одаққа кіру тәртібі

2. Одаққа кіруге мүдделі мемлекет Жоғары Еуразиялық кеңес (бұдан әрі – Жоғары кеңес) Төрағасының атына тиісті өтініш жолдайды, онда Одаққа мүше болуға және өзіне Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерде көзделген міндеттемелерді қабылдауға өз ниетін білдіреді.

3. Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) Жоғары кеңесіне төрағалық етуші келіп түскен өтінішті Еуразиялық экономикалық комиссияға (бұдан

әрі – Комиссия) жібереді, ол басқа мүше мемлекеттерді келіп түскен өтініш туралы дереу хабардар етеді және оларға мұндай өтініштің көшірмесін жібереді.

4. Мүше мемлекеттер осы Тәртіптің 3-тармағында көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 60 күн ішінде өтініш білдірген мемлекеттің Одаққа кіру мәселесі бойынша позицияларын Комиссияға жібереді.

5. Жоғары кеңес 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта (бұдан әрі – Шарт) белгіленген тәртіппен өтініш білдірген мемлекетке Одаққа кіруге кандидат мемлекет (бұдан әрі – кандидат мемлекет) мәртебесін беру туралы шешім қабылдайды.

Кандидат мемлекет мәртебесін беру туралы мәселені қарау нәтижелері бойынша Комиссия өтініш білдірген мемлекетті қабылданған шешім және Одаққа кандидат мемлекеттің, мүше мемлекеттер мен оның органдарының өкілдерінен тұратын жұмыс тобын құру туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

6. Жоғары кеңестің осы Тәртіптің 5-тармағында көрсетілген шешімінің негізінде Шарттың 108-бабының 4-тармағына сәйкес жұмыс тобы құрылады, оның құрамы мен жетекшісін Комиссия Кеңесі бекітеді.

Жұмыс тобын Комиссия Алқасының мүшесі басқарады.

Жұмыс тобының отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Жұмыс тобының отырыстарын өткізу күнін, орны мен форматын (тікелей немесе бейнеконференция режимінде) оның жетекшісі айқындайды және ол мұндай отырыс күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмей оған қатысушылардың назарына жеткізіледі. Жұмыс тобының отырысына арналған материалдар жұмыс тобының мүшелеріне мұндай отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 5 күннен кешіктірілмей (оның ішінде электрондық поштамен) жіберіледі.

Жұмыс тобының отырыстарына мүдделі мемлекеттік билік органдарының және мүше мемлекеттер мен кандидат мемлекет ұйымдарының өкілдері шақырылуы мүмкін.

Жұмыс тобының мүшелерін, сондай-ақ осы тармақтың төртінші абзацында көрсетілген адамдарды іссапарға жіберуге жұмсалатын шығыстарды жіберуші тарап көтереді.

Жұмыс тобы отырысының нәтижелері хаттамамен ресімделеді, оған оның жетекшісі қол қояды және ол Комиссияда сақталады. Хаттаманың көшірмесі қол қойылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде мүше мемлекеттерге және кандидат мемлекетке, сондай-ақ электрондық поштамен жұмыс тобының мүшелеріне жіберіледі. Жұмыс тобының мүшесі Комиссияға (оның ішінде электрондық поштамен) хаттаманы алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде ондағы өз позициясын көрсету бойынша ескертпелер жіберуі мүмкін. Комиссия ескертпелердің көшірмесін (мұндай ескертпелер болған кезде) мүше мемлекеттерге және кандидат мемлекетке, сондай-ақ электрондық поштамен жұмыс тобының мүшелеріне жібереді.

Қажет болған кезде жұмыс тобының жетекшісі, оның ішінде жұмыс тобы мүшелерінің ұсынысы бойынша салалық секциялар құру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Салалық секциялар өздеріне қатысты салаға кіретін мәселелер бойынша ұсынымдар дайындауы мүмкін.

Салалық секциялардың ұсынымдары жазбаша түрде ресімделеді және жұмыс тобының жетекшісіне жұмыста есепке алу үшін беріледі.

7. Мыналар:

а) кандидат мемлекеттің өзіне Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерде көзделген міндеттемелерді қабылдауына дайындық дәрежесін зерделеу;

б) кандидат мемлекеттің Еуразиялық экономикалық одаққа кіруі жөніндегі іс-қимыл бағдарламасының (бұдан әрі – Іс-қимыл бағдарламасы) жобасын әзірлеу;

в) Іс-қимыл бағдарламасында көзделген іс-шараларды орындау мониторингін жүзеге асыру;

г) Комиссия Кеңесінің және Жоғары кеңестің қарауы үшін кандидат мемлекеттің Іс-қимыл бағдарламасын орындау барысы туралы баяндаманы тұрақты негізде ұсыну;

д) Шарттың 108-бабының 4-тармағында көзделген, кандидат мемлекеттің Одаққа кіруі туралы халықаралық шарт жобасын әзірлеу;

е) жұмыс тобы жетекшісінің Комиссия Алқасына Комиссия Кеңесінің және Жоғары кеңестің қарауына шығару үшін Іс-қимыл бағдарламасын орындау барысы туралы қорытынды баяндаманы (кандидат мемлекеттің Одаққа кіруі туралы халықаралық шарт жобасын қоса бере отырып) ұсынуы жұмыс тобының негізгі міндеттері болып табылады.

8. Іс-қимыл бағдарламасында Одақтың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріле отырып, Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерде көзделген міндеттемелерді кандидат мемлекеттің орындауы үшін жағдай жасауға бағытталған іс-шаралар қамтылады, сондай-ақ жауапты орындаушылар, іс-шараларды орындау мерзімдері мен оларды аяқтау нысандары айқындалады.

9. Іс-қимыл бағдарламасында сондай-ақ мынадай құжаттар әзірлеу көзделеді:

а) тұтастай алғанда, осындай мемлекет, мүше мемлекеттер мен Одақ үшін кандидат мемлекеттің Одаққа кіруінің экономикалық тиімділігі мен салдарын бағалауды қамтитын талдамалық баяндама;

б) кандидат мемлекет заңнамасының Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес келуі тұрғысынан оны салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижелерін қамтитын талдамалық баяндама;

в) кандидат мемлекеттің кедендік инфрақұрылым объектілерінің кедендік инфрақұрылым объектілерін жабдықтауға және материалдық-техникалық жағынан

жарақтандыруға қойылатын талаптар бөлігінде Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес келуі тұрғысынан талдау нәтижелерін қамтитын талдамалық баяндама;

г) Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттермен кандидат мемлекет жасасқан екіжақты және көпжақты халықаралық шарттарды қолдану және мұндай шарттардың кедендік әкімшілендіру процесіне әсер ету мәселелерін зерттеу нәтижелерін қамтитын талдамалық баяндама;

д) кандидат мемлекеттің Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес келуі қажет нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі;

е) кандидат мемлекеттің үшінші елдер алдындағы міндеттемелерінің Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес келуін салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижелерін қамтитын талдамалық баяндама (егер кандидат мемлекеттің үшінші елдер алдында, оның ішінде халықаралық ұйымдарға мүшелік шеңберінде міндеттемелері болса не мұндай міндеттемелерді қабылдау туралы келіссөздер, оның ішінде мұндай ұйымға қосылу туралы келіссөздер жүргізсе);

ж) Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерде көзделген талаптарға сәйкес келуі тұрғысынан санитариялық-карантиндік, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық бақылау (қадағалау) жүйелері аудитінің нәтижелері туралы есепті қамтитын талдамалық баяндама.

10. Іс-қимыл бағдарламасын Жоғары кеңес бекітеді.

11. Комиссия бекітілген Іс-қимыл бағдарламасының көшірмесін кандидат мемлекетке, мүше мемлекеттерге жібереді, сондай-ақ мүше мемлекеттерді Іс-қимыл бағдарламасын кандидат мемлекеттің іске асыру барысы туралы тоқсан сайын хабардар етеді.

12. Жұмыс тобының Іс-қимыл бағдарламасын кандидат мемлекеттің толық көлемде орындауы туралы баяндамасының негізінде, сондай-ақ кандидат мемлекеттің Одаққа кіруі туралы халықаралық шарттың келісілген жобасы болған кезде Жоғары кеңес кандидат мемлекетпен Одаққа кіру туралы халықаралық шартқа қол қою туралы шешім қабылдайды.

13. Кандидат мемлекет Одаққа кіру туралы халықаралық шартта айқындалған күннен бастап Одаққа мүше болады.

III. Одаққа мүшелікті тоқтату тәртібі

14. Кез келген мүше мемлекет Одаққа мүшелікті тоқтатуға құқылы.

15. Одаққа мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылдаған мүше мемлекет Комиссияға өзінің Шарттан шығу және Одаққа мүшелікті тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламаны (бұдан әрі - хабарлама) дипломатиялық арналар арқылы жібереді

16. Комиссия мүше мемлекеттерді, сондай-ақ Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерді, халықаралық ұйымдар мен халықаралық интеграциялық бірлестіктерді – үшінші тараптан Одақтың халықаралық шарттарына қатысушыларды хабарламаны алғаны туралы 3 жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

17. Хабарлама жіберілген күннен бастап Одаққа мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылдаған мүше мемлекет:

а) осы мемлекеттің Одаққа мүшелігін тоқтату рәсімі аяқталғаннан кейін Одақтың жұмыс істеуімен байланысты мәселелерді қозғайтын актілерді Одақ органдарының қабылдауына қатыспайды;

б) осы Тәртіптің 21-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін осы мемлекетке тікелей қатысты актілерді Одақ органдарының қабылдауына қатысуға құқылы;

в) Одақ органдарының актілерді қабылдауына қатыспауға құқығы бар.

18. Егер Одаққа мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылдаған мүше мемлекет осы Тәртіптің 17-тармағының "в" тармақшасында көзделген құқықты пайдаланған жағдайда, актілер Одақтың тиісті органында осы мемлекет өкілдерінің дауысы есепке алынбастан қабылданады. Бұл ретте осындай негізде қабылданған актілердің күші Одаққа мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылдаған мүше мемлекетке қолданылмайды.

Одаққа мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылдаған мүше мемлекеттің осы Тәртіптің 17-тармағының "б" тармақшасында көзделген мәселелер бойынша Одақ органдарының жұмысына қатысу форматы туралы шешімді Жоғары кеңес Шарттың 13-бабында белгіленген тәртіппен, хабарламаны Комиссия алған күннен бастап 3 айдан кешіктірмей қабылдайды.

19. Мүше мемлекет хабарлама жіберген жағдайда Комиссия Алқасының мүшелері мен Одақ Соты судьяларының өкілеттіктері, сондай-ақ Комиссияның және Одақ Сотының осы мемлекеттің азаматтары болып табылатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің еңбек шарттары (келісімшарттар), осы еңбек шарттарының (келісімшарттардың) қолданылу мерзімі көрсетілген мерзім өткенге дейін тоқтатылатын жағдайларды қоспағанда, Одаққа мүшелік тоқтатылған күннен бастап тоқтатылады.

Бұл ретте Комиссия Алқасының мүшелері мен Одақ Сотының судьяларын хабарлама жіберген мүше мемлекет осы Тәртіптің 21-тармағында көрсетілген мерзім өткенге дейін кері қайтарып алуы мүмкін.

20. Хабарлама негізінде Жоғары кеңес мемлекеттің Одаққа мүшелігімен байланысты туындаған қаржылық міндеттемелерді ретке келтіру процесінің басталғаны туралы шешім қабылдайды. Аталған міндеттеме мемлекеттің Шарттан шығуына қарамастан, ол толығымен орындалғанға дейін күшінде қалады.

21. Мемлекеттің Одаққа мүшелігі Комиссия хабарламаны алған күннен бастап 12 ай өткен соң тоқтатылады.

22. Одаққа мүшелікті тоқтату мемлекеттің Шарттан және Одақ шеңберінде қабылданған халықаралық шарттардан автоматты түрде шығуына әкеледі.

Одаққа мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылдаған мүше мемлекет осы Тәртіптің 21-тармағында көрсетілген мерзім өткенге дейін Комиссияға бұл туралы жазбаша түрдегі ақпаратты дипломатиялық арналар бойынша жіберу арқылы өз хабарламасын кері қайтарып алуға құқылы.

Комиссия көрсетілген ақпаратты алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде мүше мемлекеттерге, сондай-ақ Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерге, халықаралық ұйымдар мен халықаралық интеграциялық бірлестіктерге – үшінші тараптан Одақтың халықаралық шарттарына қатысушыларға хабарламаның кері қайтарып алынғаны туралы хабарлайды.
